29 қараша

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Біз «Заң мен тәртіп» қағидатына бағына отырып, адал еңбек ету арқылы көздеген мақсаттарымызға міндетті түрде қол жеткіземіз және келер ұрпаққа лайықты мұра қалдырамыз. Бұған дейін бірнеше мәрте айттым, тағы да қайталаймын: бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлер кезеңінде елдің бірлігі мен қоғамның әлеуметтік тұғырын барынша нығайта түсуіміз қажет. Біз сонда ғана стратегиялық міндеттерімізді толық орындай аламыз.

№140
(5038)
Бейсенбі
26 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛОРДА – КЕЛЕШЕКТІҢ ҚАЛАСЫ

Сәулеті мен дәулеті өркендеген елорданың тұрғындары да жыл санап көбейіп жатыр. Осы орайда білім беру саласын дамытуға ерекше маңыз беріліп келеді. Биыл Астанада 9 мектеп салынып, пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін тағы 2 мектеп ашылады.

3



КІТАП КЛУБТАРЫ АШЫЛАДЫ

> «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында 1 желтоқсаннан бастап Астана қаласының 122 мектебінде барлығы 366 оқушыға, педагогтерге және ата-аналарға арналған оқырмандар клубтары ашылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітап оқу мәдениетін дамыту жөніндегі бастамаларын іске асыру және зерделі ұлт қалыптастыру мақсатында 2026 жылы еліміздің барлық өңірінде «Кітап оқитын ұлт» жобасын кеңінен жүзеге асыру жоспарланған. Осы жұмысты әдістемелік тұрғыдан қолдау үшін Астана қаласының Білім басқармасы мен Әдістемелік орталығы мектептерге арналған ұсынымдар әзірледі. Құжатта педагогтердің тұрақты оқуын ынталандыру, оқушылардың оқырмандық белсенділігін арттыру және ата-аналарды отбасылық оқуға тарту жолдары қамтылған. Әр мектепте үш бағыттағы клуб жұмыс істемек: «Кітап оқитын ұстаз», «Кітап оқитын бала» және «Кітап оқитын отбасы». Клубтар қатысушыларға кітап оқып, шығармаларды бірлесіп талқылауға және оқырмандық тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік береді.



28-29 ҚАРАША

Жәрмеңке сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін қаланың үш алаңында өтеді:

Keruen Joly сауда орталығы – Алаш тасжолы, 35Б; «Ет әлемі» сауда орталығы – Алаш тасжолы, 31/1; Jurt сауда орталығы – Бейбарыс Сұлтан көшесі, 3.

ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ

> Желтоқсан айындағы мерекелерде жолаушылар ағынының артуына байланысты ұлттық тасымалдаушы Астана қаласынан жүретін стандартты вагондардан жасақталған үш қосымша пойызды іске қосады. Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі мәлім етті.

Қосымша пойыздар мына бағыттар бойынша қатынайды:

№201/202 «Алматы-2 – Астана-1»

Алматы-2 станциясынан: 2026 жылғы 22 желтоқсаннан 2027 жылғы 10 қаңтарға дейін күнара жүреді.

Астана-1 станциясынан: 2026 жылғы 23 желтоқсаннан 2027 жылғы 11 қаңтарға дейін күнара жүреді.

№204/203 «Нұрлы жол – Шымкент»

«Нұрлы жол» станциясынан: 2026 жылғы 14 желтоқсаннан 2027 жылғы 10 қаңтарға дейін күнара жүреді.

Шымкент станциясынан: 2026 жылғы 15 желтоқсаннан 2027 жылғы 11 қаңтарға дейін күнара жүреді.

№205/206 «Ақтөбе – Астана-1»

Ақтөбе станциясынан: 2026 жылғы 22 желтоқсаннан 2027 жылғы 10 қаңтарға дейін күнара жүреді.

Астана-1 станциясынан: 2026 жылғы 23 желтоқсаннан 2027 жылғы 11 қаңтарға дейін күнара жүреді.

Пойыздар купе және плацкарт санатындағы стандартты вагондардан жасақталады.

> Бас қалада бірнеше жол қиылысында көлік қозғалысының тәртібі өзгереді. Бұл туралы қалалық Полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлады.

СОЛҒА ЖӘНЕ КЕРІ БҰРЫЛУҒА БОЛМАЙДЫ

«Кезекті мониторинг нәтижесінде А.Пушкин көшесі мен Тәуелсіздік даңғылының қиылысына А.Жұбанов көшесі жағынан келетін көліктердің қозғалысы едәуір қиындайтыны анықталды. Бұл әсіресе қарбалас уақытта және демалыс күндері байқалады. Талдау көрсеткендей, кептелістің негізгі себептерінің бірі – осы қиылыста солға немесе кері бұрылатын көліктердің жиналып қалуы. Соның салдарынан тура бағытта жүретін көліктерге кедергі келіп, жолдың осы бөлігінің өткізу қабілеті төмендейді» деп хабарлады департаменттің баспасөз қызметі.

Осыған байланысты қиылыстың өткізу қабілетін арттырып, көлік ағынын реттеу үшін солға және кері бұрылуға тыйым салу жоспарланып отыр. Солға бұрылуға тек маршруттық көлік құралдарына рұқсат берілмек. Полиция өзге жүргізушілерге балама бағыт ретінде Ж.Тәшенов пен А.Кравцов көшелерін пайдалануды ұсынады. Бұл көшелерде жаяу жүргіншілер өткелдерінің алдында кері бұрылуға арналған арнайы орындар қарастырылған.

№140 (5038) 26/11/2026 Бейсенбі

АҚОРДА



МӘСКЕУГЕ МАҢЫЗДЫ САПАР

Кеше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Мәскеуге жұмыс сапарымен барды.

Бұл туралы Президенттің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров хабарлады.

«Сапар аясында мемлекеттер басшылары кездесу өткізіп, Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастығын одан әрі нығайту перспективасын талқылайды» делінген хабарламада.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті жасанды интеллект тақырыбына арналған AI Journey 2026 халықаралық конференциясына қатысады.

ҚҰРЫЛТАЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!

Бір айдан соң Қазақстан Тәуелсіздігінің жарияланғанына 35 жыл толады.

Баршаңызды осы айтулы мерекемен құттықтаймыз! Расында да, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!».

Алғаш рет біздің Конституциямызда қастерлі «Тәуелсіздік» пен «Егемендік» ұғымының бас әріппен жазылуы елдіктің белгісі деп санаймыз.

Осыдан 35 жыл бұрын, 1991 жылы тәуелсіздік жарияланған кезде бір халық, біртұтас ел болып бірге қуанған едік.

Сол жылдардағы халықтық асқақ көңіл күй, болашаққа деген үміт пен сенім аспандап тұрғаны дәл бүгінгідей есімізде.

Үмітіміз ақталып, тәуелсіздік жылдары Қазақстан тұтас дәуірге татитын күрделі де жауапты кезеңді бастан өткерді.

Шындығында, 1991 жылдың желтоқсаны мен 2026 жылдың желтоқсаны аралығында еліміз зор жетістіктерге жетті деп нық айта аламыз.

Әсіресе, соңғы жеті жылда бұрын-соңды болмаған түбірлі өзгерістерге бәріміз куәміз.

Әділеттілік, заң мен тәртіп барлық салада мызғымас қағидаға айналды.

Оның экономикадағы, іс жүзінде көрінісі – шетелге кеткен заңсыз капитал елге қайтарылып, халықтың игілігіне жұмсалып жатыр. 1 триллион теңгеден аса қаржы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға бағытталады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес одан сайын күшейді, ешбір биік лауазым заң алдындағы жауапкершіліктен құтқармайтыны баршаға аян болды.

Әлеуметтік саладағы әділдік – үш жылдан бері «Ұлттық қордағы» қаржыдан түскен инвестициялық табыс әрбір балаға теңдей бөлініп отыр. Дәл қазір 7 миллионнан аса баланың есепшотына 2,5 млрд АҚШ долларына пара-пар қомақты қаржы аударылған.

Әділетті мемлекетте отандық ғылым мен мәдениетті дамыту да айрықша назарда. Соңғы жеті жылда ғылымды қаржыландыру 3,6 есе өсіп, 261,5 млрд теңгеге жетті.

Сонымен қатар жеті жыл ішінде 1300-ден аса жаңа мектеп, 1483 балабақша, 1259 медицина мекемесі, 536 спорт және мәдениет нысандары салынды. Ел экономикасы қауіпсіздігіне нақты кепіл алтын валюта мен Ұлттық қордың активтері 44 пайызға өсіп, 130 миллиард долларға жуықтады. Бұл – осыған дейін болмаған көрсеткіш. Сондай-ақ соңғы 7 жылда 625 жаңа өнеркәсіп кәсіпорны іске қосылды, ауыл шаруашылығы өндірісінің өсімі 24 пайызға артты.

Ал ең бастысы жалпы ішкі өнімнің көлемі 7 жылдың ішінде шамамен 2,5 есе өсіп, 398 млрд долларды құрады. Бұл – Орталық Азиядағы ең жоғары деңгей. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы цифрландыруды дамытуға айрықша көңіл бөлетінін білесіздер. Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтердің 90 пайызы электронды форматта көрсетіледі. Мұның бәрі – қазіргі даму жолымыздағы ауыз толтырып айтарлық жетістіктер. Кейбір азаматтар бүгінгі қайбір қиындыққа екпін түсіріп, шүкіршілік ететін көп табысты ұмытып жатады. Биыл жүзеге асқан конституциялық реформа мен тұтас саяси жүйенің жаңаруы ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына тұспа-тұс келуі – мәні терең рәмізді оқиға. Барымызды бағалап, жетістіктерімізді арттыру үшін ендігі жерде қоғамдық сананың жаңарғаны маңызды.

ҚАДІРЛІ ӘРІПТЕСТЕР!

Биыл Тәуелсіздіктің 35 жылдығына мемлекеттік деңгейде айрықша көңіл бөлініп отыр. Еліміздің басты қалалары мен облыс орталықтары елдіктің елеулі белесіне сай безендірілгені қуантады. Өздеріңізге мәлім, жыл басында Президентіміз тарихи белестің маңызын атап өтіп, ел дамуындағы жаңа кезеңге өтумен пара-пар екенін айтты. Біз бүгініміз үшін де, ертеңіміз үшін де бірлесе тынбай еңбек етуге тиістіміз. Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығын алдағы өсу көкжиегімізді, нақты мақсат-мүддемізді айқындайтын жауапты кезеңге айналдыруымыз керек.

Таяуда ауыл шаруашылығы еңбеккерлері форумында Президентіміз: «Мемлекетіміздің Егемендігін, Тәуелсіздігін қорғауға қатысты кейбір мәселе түбегейлі шешімін таппады» дегенін жақсы білесіздер. Рас, азаттығымызды баянды, бірлігімізді берік ету жолында атқарар ортақ ісіміз әлі де аз емес. Сондықтан қазір біз ел болып, қоғам болып игі істер жасайтын кезеңдеміз.

Ол үшін Мемлекет басшысы Жолдауында жария еткен «Халықтық құрылыс» жобасы сияқты ел әлеуетін арттыратын істерге бірлесе атсалысқанымыз жөн.

Дәл бүгін жұдырықтай жұмылып, ұлт болып ұйысып, Президентіміз жариялаған «Құрылыс және тағы да құрылыс!» халықтық бастаманы нақты іспен қолдауымыз керек. Тіпті, бұл – әрбіріміз үшін абыройлы міндет!

Мұны 35 жылдық белес аясында басталған тегеурінді, ауқымды жоба деп айта аламыз. Халық игілігіне арналған жүздеген әлеуметтік, ал ауыл-аймақтарда мыңдаған инфрақұрылым нысандары салынып, баршаның пайдалануына беріледі. Әділеттіктің жалпыұлттық құрылысы осы күнге өнеге, келешекке мақтаныш болады деп сенеміз.

Бірлігіміз артсын, берекеміз молайсын!

Құрметпен,
Құрылтайдың барлық фракция депутаттары

МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫН БЕКІТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халықтық құрылыс» инфрақұрылымдық жаңғырту бағдарламасын іске асыруға бөлінген қаражаттың жұмсалуын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды.

Мемлекеттік комиссияның міндеті – бағдарлама жобаларының уақытылы әрі сапалы іске асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ бюджеттік тәуекелдерге, бөлінген қаражаттың тиімсіз жұмсалуына жол бермеу.

Бағдарламаны іске асырудың жоспарлау мен қаражатты бөлуден бастап, нысандарды нақты пайдалануға беруге дейінгі барлық кезеңі бақылауға алынады. Мемлекеттік комиссия мемлекеттік сатып алулардың мерзіміне, құнына және заңдылығына мониторинг жүргізіп, тәуекел деңгейі жоғары жобаларды анықтайды және кемшіліктерді жою жөнінде шаралар әзірлейді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысына жүргізілген мониторинг бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне тоқсандық және жылдық есеп ұсынылады.

Мемлекеттік комиссияның жұмыс органы ретінде Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы белгіленді. Комиссия құрамына уәкілетті мемлекеттік органдар басшылары, Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, журналистер, қоғам қайраткерлері, сарапшылар, өңірлердің және бизнес қауымдастықтың өкілдері енді.

ҮКІМЕТ

3G-ден ТОЛЫҒЫМЕН БАС ТАРТАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындап берген бірқатар міндеттер аясында телекоммуникация инфрақұрылымын цифрлық экономиканың негізі ретінде дамыту мәселесі қаралды.

Саланың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары туралы Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев баяндады.

– Байланыс саласын дамыту – елімізді цифрландырудың негізгі шартының бірі. Мақсатымыз – цифрлық теңсіздікті жою. Қай жерде тұрса да, әр азамат цифрлық мүмкіндікті бірдей пайдалана алуы керек. Байланыс саласы тұрақты өсіп келеді. Биыл салаға кемінде 500 миллиард теңге инвестиция салынуы күтіледі. Сонда үш жылда салынған инвестицияның жалпы көлемі 1,3 триллион теңгеден асады. Соңғы 2 жылда мобильді интернеттің орташа жылдамдығы секундына 73,6 мегабиттен 93,4 мегабитке дейін өсті. Болжам бойынша биыл интернет-трафик көлемі 2024 жылмен салыстырғанда екі еседен астам өседі, – деді Жаслан Мәдиев.

Оның айтуынша, Қазақстанда 6060 ауыл бар. «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында биыл жыл соңына қарай оптикалық желі тартылған ауылдардың жалпы саны 3704-ке жетеді. Бұл – елдегі ауылдардың 61%-ы. Келесі жылы оптикалық желі тағы 1863 ауылға дейін жетеді. Сонда елдегі ауылдардың 92%-ы оптикалық желімен қамтылады. Қалған 8%-ы – желі тарту қиын шалғай ауылдар, олар спутник интернетімен қамтылады. Жобаның жүзеге асу барысы ерекше бақылауда. «Қазақтелеком» жұмысты жеделдетіп, жоспарланған шараларды белгіленген мерзімде аяқтауы тиіс. Қазір ауылдардың 84%-ында мобильді интернет қолжетімді. 3G базалық стансалары жаңарып, 4G-ге көшуде. Қалалар мен ауылдарда 5G желісі де кеңейтілуде. 2027 жылдың соңына дейін 3G-ден толық бас тарту жоспарлануда. Сол уақытқа қарай 4G желісі 5291 ауылды, ал 5G желісі 70 қала мен 300 ауылды қамтуы тиіс. Нәтижесінде мобильді интернет елдегі ауылдардың 92%-ында қолжетімді болады.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, 2024-2025 жылдары 1052 байланыс сапасы нашар аумақ анықталды. Оның 213-інде мәселе осы күнге дейін шешілген жоқ. Әкімдіктер осы учаскелердің әрқайсысында байланыс нысандарына жер бөліп, оларды электр желісіне қосуды қамтамасыз етуі тиіс. Операторлармен бірге тұрғындарға жабдықтың қайда орнатылатынын және байланыс сапасының қалай жақсаратынын түсіндіруі керек. Биылғы жоспарлы өлшеу кезінде тағы 289 байланыс сапасы нашар аумақтар анықталды. Оның 70-інде мәселе шешілді.

– Елімізде ауылдардың арасы алшақ. Оптикалық желі тарту қиын шалғай ауылдарды спутник интернетіне қосып жатырмыз. Бұл – цифрлық теңсіздікті азайтудың бір жолы. Жол үстінде де интернет қолжетімді болуы керек. Көлікті, туристік нысандарды және шекарадағы өткізу пункттерін желіге қосып келеміз. Air Astana бір ұшағын OneWeb спутник интернетіне қосты. Келесі жылы тағы 20 ұшақты қосу жоспарлануда. ҚТЖ-ның 1500 жолаушылар вагонында Starlink спутник желісі арқылы Wi-Fi қолжетімді. Биыл туристер жиі баратын 10 локация мобильді интернетке қосылды. Келесі жылы тағы 50 локацияны қосу жоспарлануда. Шекарадағы өткізу пункттерінің барлығы оптикалық желі және спутник байланысы арқылы интернетпен қамтылды, – деді министр.

– Енді мобильді интернеттің бағасына тоқталайық. Қарашадағы рейтингте Қазақстан интернеті жылдам 55 елдің арасында мобильді интернет тарифінің қолжетімділігі жағынан 7-орында тұр. Елімізде мобильді байланыстың орташа тарифі – айына шамамен $10. Әлемдік орташа көрсеткіш – $27. Яғни еліміздегі тариф үш есеге жуық арзан. Интернет-трафик өсіп келеді. Байланыс жылдамдығын арттырып, 5G желісін кеңейту үшін операторлар желіге инвестиция салуы керек. Балансты сақтау маңызды. Тарифтер халыққа қолжетімді, ал байланыс саласы инвесторлар үшін тартымды болып қалуы тиіс, – деді Жаслан Мәдиев.

Мобильді байланыс операторлары 2027 жылы Қазақстанда тарифтерді 10-15%-ға көтеруді жоспарлап отыр.

ЕЛОРДА – КЕЛЕШЕКТІҢ ҚАЛАСЫ



Астанада мектеп құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Алдағы жылы елордада 21 жаңа мектеп пайдалануға берілетіні жоспарланып отыр. Бұл жөнінде қала әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында жариялады.

Биыл 9 мектеп салып, пайдалануға бердік, тағы 2 мектепті осы жылдың соңына дейін ашамыз. Қазір бірқатар білім беру нысанының құрылысы жүріп жатыр. 2027 жылдың соңына дейін тағы 21 мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл мектептер бір ауысымда 41,5 мыңға жуық оқушы орнын ашуға мүмкіндік береді. Білім беру нысандарының құрылысына жеке инвестициялар да тартып жатырмыз.

Соңғы үш жылда рекордты көрсеткішке қол жеткізіп, 44 мектеп салдық. Оның 24-і Мемлекет басшысының «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бой көтерді. Осылайша, қабылданып жатқан шаралар оқушы орындарының тапшылығын азайтуға, білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және балалардың сапалы білім алуына қажетті жағдай жасауға бағытталған» деп жазды қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, білім беру жүйесін кешенді түрде дамытып жатырмыз. Педагог мамандарын даярлауға басымдық беріп, жаңа оқу орындарын саламыз, сол сияқты педагогика мамандықтары бойынша білім алуға гранттар бөлеміз. Мәселен, соңғы жылдары жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 1,5 мыңға жуық грант бөлінді. Қазіргі уақытта қала әкімдігінің гранты бойынша педагогика мамандықтарында 2 мыңға жуық студент білім алып жатыр. Сонымен қатар педагог кадрларын даярлау жүйесін дамыту мақсатында Гуманитарлық колледж базасында Педагогикалық институт құрылды. Қазіргі уақытта институтта 4,5 мыңнан астам студент білім алып жүр.



КЕДЕРГІСІЗ ҚОҒАМ САНАДАН БАСТАЛАДЫ

Басқару колледжінде Астана қаласы Сарыарқа ауданы бойынша әкелер одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жалғас Құспеков оқушылар арасында «Стереотиптерсіз қоғам: теңдік неден басталады?» семинарын өткізді.

Семинарда гендерлік стереотиптердің адам өміріне, мамандық таңдауына және қоғамдағы рөліне әсері қарастырылды. Жалпы алғанда, күнделікті өмірде аса байқала бермейтін, бірақ дамуымызға кедергі келтіретін тосқауылдар барын айта кету керек. Егер қалыптасып қалған көзқарастар адамды жеке тұлға ретінде емес, белгілі бір топтың, яғни жынысы, жасы, ұлты немесе әлеуметтік жағдайына қарай бөліп, біржақты бағалау болса, оның шегінен шығып, оны ақиқат деп қабылдамай, тереңіне үңіліп, сананы тазартудың алғашқы қадамын жасауға қорықпаған жөн.

Қазақстанда гендерлік теңдік Конституциямен және «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заңмен қорғалады. Елімізде гендерлік теңдікті ілгерілету және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін қолдауға бағытталған институционалдық тетіктерді нығайту жолында елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Соңғы жылдары гендерлік теңдікті нығайтуға және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған маңызды заңнамалық және саяси шаралар қабылданды. Сонымен қатар әйелдердің қоғамдық және саяси өмірге қатысуын кеңейту, сондай-ақ гендерлік аспектілерді мемлекеттік басқару мен даму процесіне енгізу бойынша жұмыс жалғасуда.



– Стереотиптерсіз қоғам орнату бір күнде жүзеге асатын іс емес. Ол заңдарды өзгертумен ғана шектелмейді. Шынайы теңдік әрқайсымыздың өзге адамға деген құрметімізден, әділ көзқарасымыздан және ескірген таптаурындардан бас тартуға деген батылдығымыздан басталады. Өзгерісті өзімізден бастағанда ғана біз баршаға тең мүмкіндік беретін жарқын қоғам құра аламыз, – деді Жалғас Құспеков.

Семинар барысында спикер тақырып төңірегінде туындаған сұрақтарға жауап беріп, пікір алмасты.

ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЖЕМІСТІ НӘТИЖЕСІ

Елорданың Байқоңыр ауданында реновация бағдарламасы аясында салынған кезекті тұрғын үй кешенінің кілттері жаңа пәтер иелеріне салтанатты түрде табысталды.

Бұл жолы Тараз көшесі, 8 мекенжайында орналасқан «Дәрмен-2» тұрғын үй кешенінің тұрғындары баспаналы болды. Тұрғын үй кешені жеке инвестиция есебінен салынды.

Жаңа баспана – тұрғындардың тұрмысын жақсартуға, ескі тұрғын үй қорын жаңартуға және ауданның сәулет келбетін жаңғыртуға бағытталған реновация бағдарламасының кезекті нәтижесі.

Айта кетейік, биыл шілде айында Байқоңыр ауданында осы бағдарлама аясында алғашқы «Дәрмен-1» тұрғын үй кешенінің кілттері табысталған болатын. Бұл жолы аталған жобаның жалғасы ретінде «Дәрмен-2» тұрғын үй кешені пайдалануға беріліп, кезекті тұрғындар жаңа баспанаға ие болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауды ұсынды. Осы бастама аясында ел көлемінде тұрғын үй құрылысын дамыту, ескі тұрғын үй қорын жаңарту және инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыс кезең-кезеңімен жалғасын табады.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында бас қаладағы №4 балалар кітапханасында балабақша бүлдіршіндеріне арналған «Орманның ғажайып әлемі» атты экологиялық викторина өтті.

ТАБИҒАТ – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Таза Қазақстан
жалпыұлттық экологиялық акция

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Балақайлардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру және экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында танымдық ойын-сайыс түрінде ұйымдастырылған іс-шараны кітапхана меңгерушісі Ақмарал Жаныспаева жүргізді. Елордада көшелерді тазалау, қоқыстарды сұрыптау, абаттандыру, ағаштар отырғызу, оларды күтіп-баптау бойынша көп жұмыс атқарылып жатқанын айта келе, ол іс-шараның негізгі мақсатына тоқталды.

– Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Оны таза сақтау, ағаштарды қорғау, гүлдерді күту – әрқайсымыздың міндетіміз. Осыған орай, біз табиғат туралы қызықты сұрақтарға жауап беріп, ойындар ойнаймыз. Мақсатымыз – балаларға ерте жастан бастап экологиялық мәдениет пен табиғатқа ұқыпты қарау дағдысын қалыптастыру, – деді кітапхана меңгерушісі.

Алдымен «Ойлан, тап!» викторинасы шеңберінде кішкентай қатысушылар Қазақстанның астанасы, ағаштардың бізге не беретіні, құстарға қыста қалай көмектесуге болатыны, суды не үшін үнемдеуіміз керектігі туралы, сондай-ақ қоқысты қайда тастаған дұрыс, гүлдерді жұлуға бола ма, табиғатты қалай қорғаймыз және көктемде қандай ағаштар отырғызамыз деген сұрақтарға жауап берді. Одан әрі «Дұрыс па, бұрыс па?», «Табиғат құбылыстарын ата» ойындарын ойнап, қоршаған ортаға жанашырлық жөнінде мультфильм тамашалады. Өздері көрген ертегі кейіпкерлерінің әрекетіне риясыз көңілімен баға бере отырып, былдырлаған тәп-тәтті тілдерімен жасырылған жұмбақтардың шешуін тауып, мақал-мәтелдерді жалғастырды. Қағаз, пластик, шыны ыдыс суреттерін тиісті жәшіктерге салу арқылы күнделікті тұрмыста қоқысты дұрыс сұрыптау дағдыларын үйренді.

Іс-шара барысында жас оқырмандарға табиғат, жануарлар мен өсімдіктер туралы кітаптар таныстырылып, кітап оқудың маңызы түсіндірілді. Осылайша балалар табиғатты қорғау туралы көп мағлұмат алды.

– «Таза Қазақстан» экоакциясы аясында өткен ойын-сайыста балалар табиғатты қорғауға етене жақындады деп ойлаймын. Оларға кітапхана қызметкерлері бұл бағытта не істеу керек, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу және тазалықтың маңызы туралы біраз ақпарат берді. Жалпы, кітап бала тәрбиесіндегі маңызды құрал ғой, осы тұста табиғатты аялауға негізделген басылымдармен таныстыру, мультфильм көрсету – мұның бәрі балалардың есінде ұзақ сақталады, – деді Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ-ге қарасты №8 кітапханасының кітапханашысы Айнұр Төлегенова.



АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБА!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының 6 аудандағы филиалдарында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында алаяқтық және одан қорғану жолдарына арналған ақпарат-түсіндіру дәрістері өтті.

Астана қаласы Нұра ауданындағы бөлімде өткен құқықтық дәрісті заңгер Гүлайым Мирзабекова жүргізсе, Алуа Амангелдина іс-шараның модераторы болды. Дәріске Есіл мен Нұра аудандарының зейнеткерлері қатысты. Кездесу барысында қатысушылар алаяқтықтың кең таралған түрлері, күмәнді әрекеттерді анықтау жолдары және телефон қоңыраулары мен интернетті пайдалану кезінде сақтық шаралары туралы ақпарат алды. Ал қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, жеке тәжірибесімен бөлісті. Сондай-ақ өздері немесе жақындары тап болған жағдайларды талқылап, алаяқтардың арбауына түспеу жолдары жөнінде пікір алмасты.

– Мұндай кездесулер аға буын өкілдерінің құқықтық сауатын арттыруға зор ықпал етеді. Алаяқтың алдын алуға бағытталған дәрістерді қараша айында барлық ауданда өткіздік. Құқықтық дәрістер ықтимал қауіп-қатерді дер кезінде анықтауға және алаяқтық әрекеттерден қорғану дағдысын қалыптастыруға бағытталды, – деп пікір білдірді перспективті даму және әлеуметтік жобалар бөлімінің басшысы Қымбат Қалелқызы.



№140 (5038) 26/11/2026 Бейсенбі

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

ЕЛОРДАМЕН БІРГЕ ЕСЕЙІП КЕЛЕДІ

Азаттықтың ақ таңы арайлап атқан сонау 1991 жылы дүниеге келгендер бүгінде орда бұзар жастан асып, оң-солын танып, 35-ке қадам басты. Олардың басым бөлігі еліміздің әр өңірінде түрлі салада еңбек етіп, ел дамуына еселі үлес қосып жүр. Егемен елдің айбынды ұландары арасында жетістіктерімен көпке үлгі болғандар аз емес. Тәуелсіздікпен түйдей құрдас осындай белсенді жастардың бірі – Астана қаласы Сарайшық ауданы әкімінің кеңесшісі Әсемгүл Абсадыққызы.



Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Ақмола облысы Жақсы ауданының Қима ауылында туып, Ғ.Әбдірахманов атындағы орта мектепті ойдағыдай тәмамдағаннан кейін Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіне түсіп, оның тарих және заңтану факультетін үздік дипломмен аяқтаған ол алғашқы еңбек жолын өзі туып-өскен ауылда тарих, құқық пәндерінен мұғалім болып еңбек етуден бастады. Одан әрі А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің экономика және бизнес факультетін «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша үздік дипломмен, сондай-ақ Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің экономика факультетін «мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бітірген жас маман жаратылыстану ғылымдарының Чехия университетінде «менеджмент» бойынша шетел тағылымдамасынан өтіп, «экономика ғылымдарының магистрі» атағын алады.

Арманы асқақ қыранның алысқа самғайтыны секілді, Әсемгүл де ел игілігі жолында еңбек етуді бала күнінен алдына мақсат етіп қояды. Ауылда өскен арманшыл қыз 2014 жылы бас қалаға білімін жетілдіріп, магистратураға түсу үшін келгенін, содан бері, міне, арада бір мүшелге жуық уақыт өте шыққанын, оқуын бітірген соң арманына қол жеткізу үшін осында қалып, мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке кіріскенін, елорданың алдымен Есіл, кейін Байқоңыр аудандарында баспасөз хатшысы қызметтерін атқарғанын айтты. Бүгінде ол – Сарайшық ауданы әкімінің кеңесшісі.

– Тәуелсіздіктің құрдасы атану мен үшін биік мәртебе әрі зор жауапкершілік жүктейді. Ел дамуына әр адам өз мамандығы бойынша адал, таза үлес қосуы керек. Мемлекеттік қызметтегі еңбек жолымда Астананың үш ауданында жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болдым. Әр ауданның өзіндік ерекшелігі бар. Осы жылдар ішінде қаланың қалай өзгеріп, дамып келе жатқанын, жаңа жобалардың жүзеге асырылып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптасып жатқанын өз көзіммен көріп келемін. Менің ойымша, болашақ Астана тек зәулім ғимараттар мен заманауи инфрақұрылымы дамыған қала ғана емес. Ең алдымен, бұл тұрғындарына жайлы, мүмкіндігі мол, қауіпсіз әрі өмір сүруге қолайлы шаһар болуы керек. Астананың болашағы зор деп сенемін. Ең бастысы, қаланың дамуы адам игілігіне бағытталып, әрбір тұрғын өзін осы қаланың бір бөлшегі ретінде сезінуі қажет. Жұмысым мемлекеттік органдардағы ақпарат саласы болғандықтан, мемлекет пен халық арасындағы көпір іспеттес. Астананың әр көшесі, әр саябағы жаныма тым жақын, сондай таныс, сондай жылы болып көрінеді. Елорданың дамуына аз да болса үлес қосып жатсам, оны үлкен мақтаныш етер едім, – деді Әсемгүл Абсадыққызы.

Оның арманы – еліміздің еңсесін, халқымыздың рухын көтеретін игі істер атқарып, туған жеріне, еліне пайдасын тигізу. Келешегін елорданың ертеңімен байланыстыруды қалайды. Астананың қазіргі заман талабына сәйкес шаһарға айналуы үшін қызмет етер білікті маман болып шығуды ойлады. Мемлекетімізде халыққа жасалып жатқан жағдайдың арқасында өз басы грант иегері атанып, бакалавр мен магистратурада тегін білім алды. Енді сол алған білімімен еліміздің дамуына үлес қосып келеді. Нәтижесінде осы арманы орындалып жатқандай.

– Азат, тәуелсіз, еркін елде өмір сүру, онымен бірге өсу, даму, оның жетістіктерін мақтан тұту – ерекше сезім әрі үлкен бақыт. Өзімнің бірінші мамандығым тарихшы болғандықтан, көптеген тың ақпаратпен жұмыс істедік, оқыдық, зерттедік. Сондықтан болар, тәуелсіздіктің ата-бабаларымыз үшін қаншалықты қымбат болғанын, қаншалықты оны аңсап өткенін тереңдей ұғынуға мүмкіндік болды. Біз тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз: өз елімізде, өз жерімізде. Бұдан асқан бақыт жоқ шығар! – деді Әсемгүл Абсадыққызы.

Білімі арқылы басқалармен бәсекеге түсе алатындай қабілетті қызметкер талай додада топ жарды. Болашақта Астананың одан бетер гүлденуіне үлес қоссам дейді. Елімізде татулықтың туы желбіреп, берекелі, бақытты, зайырлы, азат елге айналатынына сенеді. Дамылсыз даму үстіндегі қаламен бірге өсіп, бой түзеп, есейіп келе жатқанына қуанады. Қуанышы ұзағынан болғай!

«АЙ КІТАБЫНДА» – «ЖУСАН ИІСІ»

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мекемесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы және Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы бірлесіп ұйымдастырған «Ай кітабы» жобасының кезекті әдеби талқысы биыл туғанына 90 жыл толып отырған көрнекті жазушы Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» хикаятына арналды.

Шапағат ӘБДІР

Ұлттық академиялық кітапханада өткен кездесудің тізгіншісі Тоқтарәлі Таңжарық алдымен «Ай кітабы» жобасының негізгі мақсатына тоқталды. Бұдан кейін сөз алған спикерлер – әдебиеттанушы Ақеділ Тойшанұлы мен ақын, әдебиеттанушы Ақерке Асан қазақ прозасының көрнекті өкілі Сайын Мұратбековтің шығармашылық әлеміне кеңінен тоқталып, «Жусан иісі» хикаятының көркемдік ерекшелігін, символдық мәнінің әлем әдебиетімен үндестігіне үңіліп, дендей енді.

Алғашқы болып пікір білдірген Ақеділ Тойшанұлы Сайын Мұратбековтің қазақ прозасындағы өзіндік орнын айқындап, жазушының алдыңғы буын қаламгерлерден ерекшелігіне тоқталды. Оның пайымдауынша, өткен ғасырдың 60-жылдарында қазақ прозасында болған сапалық өзгерістер мен стильдік ізденістер жазушы шығармашылығынан айқын көрінеді. Сайын Мұратбеков – кәсіби прозаның көркемдік мүмкіндігін кеңейтіп, кейіпкердің ішкі әлемін, психологиялық күйін, адам болмысының күрделі қырын терең бейнелей білген қаламгер.

Әдебиеттанушының айтуынша, жазушы шығармаларындағы кейіпкерлер бірде оқырманға бейтаныс, тосын көрінсе, енді бірде өмірде жақсы білетін адамындай жақын сезіледі. Мұның өзі қаламгердің адам мінезін, оның ішкі қайшылығын нанымды суреттей білу шеберлігін аңғартады.

«Ондағы жусан – қазақтың бірден-бір коды, негізгі тамыры» деген Ақеділ Тойшанұлы шығарма құпиясын барынша ашуға, ондағы кейіпкерлердің мінез-болмысына да жеке тоқталды.

– Автор шығармада тәннің жарақаты мен жанның жарақатын да көрсетеді. Фашистен де жаман адамдар бар екенін онда күйін, әсіресе балалық шақтың қасіретін бейнелеуге бетбұрыс болғанын атап өтті.

– Бұл кезеңде қаламгерлер үлкен тарихи оқиғаларды көбіне балалардың көзімен суреттеп, сол арқылы қоғамның күрделі мәселелерін тереңірек ашуға ұмтылды. Мәселен, 1960 жылы американдық жазушы Харпер Лидің «Қараторғайды өлтіру» («To Kill a Mockingbird») романы жарық көрді. Шығармада нәсілдік кемсітушілік пен әлеуметтік әділетсіздік бала Скауттың көзімен баяндалып, қоғамдағы терең қайшылықтар баланың аңғал да әділ қабылдауы арқылы ашылады.

Ал 1967 жылы жапон жазушысы Акиюки Носакидің «Отшашарлар бейіті» («Grave of the Fireflies») атты туындысы жарық көрді. Бұл – Екінші дүниежүзілік соғыстың соңындағы екі баланың ауыр тағдырын бейнелейтін, жазушының өз өмірлік тәжірибесіне негізделген шығарма. Онда соғыстың адам өміріне, әсіресе қорғансыз балалардың тағдырына әкелген қасіреті суреттеледі. Сондықтан кеңес кезеңіндегі қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын да тек белгілі бір идеология шеңберінде қарастыруға болмайды. Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» мен «Жабайы алма» туындылары да адамзатқа ортақ осындай мәселелерді көтеріп, соғыс қасіреті мен оның адам жанына салған жарасын терең бейнелейді» деген Ақерке Асан «Жусан иісі» хикаятын Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» повесімен және Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесімен салыстыра талдады. Бұл шығармаларда да баланың ішкі әлемі, арман-аңсары, айналасындағы қатыгез шындықпен бетпе-бет келуі негізгі көркемдік арқауға айналған. Әсіресе бала қиялы мен шынайы өмірдің арасындағы қайшылық арқылы қоғамның адамгершілік мәселелері ашылады. Әдебиеттанушы осы туындылардың барлығына ортақ маңызды сипаттың бірі – соғысқа, зорлық-зомбылыққа, адам табиғатындағы қатыгездікке қарсылық екенін атап өтті.

Кездесу бұдан әрі сұрақ-жауап форматында жалғасты. Спикерлер бір-біріне сауал қойып, шығармадағы кейіпкерлер жүйесі, символдық детальдар, балалық шақтың көркем бейнесі мен соғыс тақырыбының әдебиеттегі көрінісі төңірегінде ой алмасты.



Тұржанның бейнесі арқылы суреттейді. Яғни соғыс, қауып-қатер деген қарумен ғана болып жатқан жоқ. Бір ауылдағы адамның ішінде, санасында, адамның мінез-құлқында жүріп жатыр. Адам өзінің мінез-құлқын түземей, ешқандай жақсылық келмейді дегенді айтып отыр, – деп сөзін түйіндеді.

Ал ақын, әдебиеттанушы Ақерке Асан Сайын Мұратбеков шығармашылығын тек қазақ әдебиетінің шеңберінде ғана қарастыру жеткіліксіз екенін айтты. Оның пікірінше, жазушының көркемдік ізденістері мен көтерген мәселелерін әлем әдебиетіндегі ортақ үдерістермен сабақтастыра зерделеу қажет.

Әдебиеттанушы XX ғасырдың екінші жартысында дүние жүзі әдебиетінде адамзаттың соғыс, аштық, нәсілшілдік пен зорлық-зомбылықтан қажыған көңіл

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан әрбір оюдың, әрбір өрнектің және әрбір қолмен жасалған бұйымның артында тұтас бір халықтың тарихы жатыр. Қолөнер – жай ғана тұрмыс қажетін өтеу құралы емес, өткен дәуірдің тынысын бүгінге жеткізетін мәдени мұра.

ҚОЛӨНЕР – ТАРИХТЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Тарихымызға көз жүгіртсек, қолөнердің күнделікті өмірмен тығыз байланысты болғанын байқаймыз. Киіз үйдің жабдықтарынан бастап зергерлік бұйымдарға, ұлттық киімдер мен тұрмыс заттарына дейін барлығы халықтың өмір салтын, талғамын һәм дүниетанымын бейнелейді. Әрбір бұйымның өзіндік қызметі ғана емес, өзіндік мағынасы да болған. Мәселен, текемет пен сырмақтың ою-өрнегі сәндік ерекшелікпен қатар, халықтың табиғатқа, қоршаған ортаға деген көзқарасын білдірген.

Қазақ қолөнерінің негізгі салаларына киіз басу, кілем тоқу, зергерлік өнер, ағаш өңдеу, тері илеу, кесте тігу және сүйек ою жатады. Бұл өнер түрлері ғасырлар бойы қалыптасып, шеберден шәкіртке, атадан балаға беріліп отырған. Әсіресе зергерлік өнер қазақ мәдениетінде ерекше орын алған. Күмістен жасалған білезік, жүзік, сырға мен алқа әйелдердің сәндік бұйымы ғана емес, ұлттық эстетиканың көрінісі болған. Алайда бүгінгі қоғамда дәстүрлі қолөнердің дамуына қатысты бірқатар мәселе бар. Заманауи технологиялар мен жаппай өндіріс қолмен жасалатын бұйымдарға деген сұранысты өзгертіп отыр. Дүкен сөрелерінде зауыттан шыққан дайын өнімдер көбейген сайын дәстүрлі шеберлікке қызығушылық кей ортада төмендеуі мүмкін. Ең басты қауіп – қолөнер бұйымдарының азаюы ғана емес, оларды жасаудың әдіс-тәсілін білетін шеберлердің тәжірибесі мен білімінің ұмытылуы.

Сонымен қатар қолөнерді дамытуға жаңа мүмкіндік те бар. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер арқылы ұлттық бұйымдарды таныстырып, оларды кең аудиторияға ұсынуға болады. Жас кәсіпкерлер дәстүрлі ою-өрнектерді заманауи киім үлгілеріне, әшекейлерге және интерьер заттарына енгізіп жүр. Бұл – ұлттық мұраны сақтай отырып, оны жаңа заман талабына бейімдеудің бір жолы. Дегенмен дәстүрлі өнердің бастапқы мағынасы мен ерекшелігін жоғалтпау маңызды.

Әсет МОЛДАБЕК

№140 (5038) 26/11/2026 Бейсенбі

ШЕТТЕН КЕЛГЕН СТУДЕНТ АУЫРМАЙ МА?

Шапағат ӘБДІР



Шетелден келіп, еліміздің беделді жоғары оқу орындарында білім алып жатқан этникалық қазақ жастарының жағдайы не болмақ?

Олардың бірқатары мемлекет қамқорлығына алынып, арнайы гранттар арқылы білім алып жатыр. Мемлекет олардың оқуына қомақты қаржы бөліп, болашағына инвестиция салып отыр. Ендеше, ол жастардың денсаулығы мен қауіпсіздігі де назардан тыс қалмауы тиіс қой.

Мейлі, қалай болмасын грантпен оқыса да, ақылы бөлімге түссе де, студенттің өмірі мен денсаулығының маңызы өзгермейді ғой. Олар да ауырады, сырқаттанады, медициналық көмекке мұқтаж болады дегендей. Сондықтан еліміздің жоғары оқу орындарында білім алып жүрген шетел азаматтарының, соның ішінде қандастарымыздың да медициналық қызметке қол жеткізу мүмкіндігін қарастыру керек меніңше.

Ал қазір университет жанындағы емханалар да, студенттер тіркеледі деген медициналық мекемелер де «шетел азаматысың» деп ат-тонын ала қашады олардан. Егер қолданыстағы медициналық сақтандыру жүйесі олардың бәрін бірдей қамтуға мүмкіндік бермесе, онда осы мәселені шешудің балама жолдарын неге қарастырмаймыз?

МӘСЕЛЕН:

1. Шетелден келген студенттерге арналған арнайы медициналық сақтандыру жүйесін енгізу.

2. Университеттер жанынан оларға қолжетімді медициналық қызмет көрсету бөлімдерін ұйымдастыру.

3. Мемлекеттік емханаларда студенттердің қалтасы көтеретін бағада ақылы медициналық қызмет көрсету мүмкіндігін қарастыру.

4. Әрбір жоғары оқу орнында студенттердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне жауапты нақты құрылым қалыптастыру керек.

Міне, мұның барлығы да – артық талап емес, білім алуға келген жастардың ең қарапайым әлеуметтік қажеттілігі.

Өйткені әрбір оқу орны өз студентін (сыртта жүрген кезде болмаса да) университет аумағында жүргенде қорғауға міндетті. Әрбірден кейін, қауіпсіз орта қалыптастыру, төтенше жағдайлардың алдын алу, қажет кезде жедел көмек ұйымдастыру – жоғары оқу орнының негізгі міндеттерінің бірі болуы керек. Әдетте, біз жастарды болашағымыз дейміз. Ендеше, сол болашағымыздың амандығына бүгіннен бастап өзіміз де жауапкершілікпен қарайық.

ТҮЗЕТЕТІН ЖАЙТТАР КӨП

Халықаралық қазақ тілі қоғамының жуырда өткен X құрылтайында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамымызда қазақ тілінің мәртебесі өсіп келе жатқанын айта келіп, кейбір келеңсіздіктер мен алдағы міндеттерге тоқталды. Ол тіліміздің басқа іргелес елдердің тілімен салыстырғанда таза сақталғанын әрі жаңа сөздермен байып келе жатқанын мақтанышпен атай келіп, дінге қатысты көне сөздеріміздің орнына араб сөздерінің жиі қолданылып жүргенін сынаған еді.

Өкініштісі, тіліміздің кемелдендіруге қатысты бұдан да өзге кемшіліктер бар екеніне қарапайым халық түгілі, тіл мамандары жұмған аузын ашпайды.

Сөзіміз дәлелді болу үшін бірнеше мысал келтірейік. Бірінші: Президент «Дінге қатысты көне сөздеріміздің орнына араб сөздері жиі қолданылады» деді. Ендеше, бізде көне сөздердің сөздігі бар ма? Иә, бізде сөздіктің жүз түрі бар, бірақ көне сөздердің сөздігі жоқ. Өзін-өзі насихаттады демеңіздер, мен осы мәселемен кемінде 20 жылдан бері айналысып келемін. Қазақ тіліндегі көне және сирек қолданыстағы кемінде он мың сөз жинақтадым (Дәйек сөздермен қоса). Баспадан бір том болып бір жартысы ғана жарық көрді. Бірақ сатылымға түскен жоқ. Ал сол басылымнан кейін жинақтаған екінші жартысы (шамамен 5000 сөз) менің жазба қорымда жатыр. Менен басқа ешкімге қажет емес сияқты. Екінші: «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі» (15 томдық, 2011 жыл) мен осы 15 томдыққа кірген барлық сөзді қамтыған 160 баспа табақ «Қазақ сөздігі» – тіліміздің беткеұстар мағыналық айнасы. Соңғы сөздікке шамамен 101 мың сөз енген. Бір қарағанда, мына сөздікке енбей қалған қазақ сөзі жоқ шығар деген ойға қаласыз. Алайда олай емес еді. Тіл маманы емес, қарапайым журналист мен осы сөздікке 2000 қазақ сөзінің кірмей қалғанын анықтадым. Бұл сөздердің басым көбі – күнделікті қолданыстағы сөздер. Тіпті, Президентіміз біз «Алтын орданың заңды мұрагеріміз» деп әлемге жар салып жатса да Жошы ұлысы, Ұлық ұлыс, Алтын орда, Дешті қыпшақ атауларын да бұл сөздіктен таппайсыз. Ол аз десеңіз, қазақ сөздігіне орыстың «мама» сөзі енгенімен, қазақтың киелі ана ұғымы – «Ұмай ана» сөзінің енбегеніне әттеген-ай дегеннен өзге лаж жоқ.

Одан да сорақысы, аталмыш сөздікте қазақтың 1500 сөзі мен тұрақты сөз тіркесінің мағынасы теріс түсіндірілген. Жай ғана қателік емес, қазақ тілін білетін адам көз салса, күлкісі келетін мазақ, сандырақ, тіпті, сайқымазақ түсіндірмелер де аз емес. Одан да бірер мысал келтірейік: «Аяң – «аттың, өгіздің т.б. жүрісі, желісі (?)»; «Айғыр салды – «биені қолдан қашырды»; «Жер көксеу – жылқының сапарға, жолға шығар алдындағы жер тарпып жақсылық нышан білдіруі»; «Анар – «әйелдің төсі»; «Бұтын отқа қақтау – әбден биттеп кеткен кір киімін отқа ұстап, биттен тазарту; «Мекірен (у) – малдың төліне мейірі түскенде ыңырануы»; «құндақ – өлгеннен кейін оралатын мата, кебін, көрге салу» деп түсіндірген.

Сөздікке қамтылған сол 101 мың сөздің кемінде 25 пайызы шеттен кірген термин сөздер, 20 пайызы жергілікті (диалект) сөздер екенін ескерсек, кірмей қалған 2000 сөз бен теріс түсіндірілген 1500 сөз байырғы қазақ тілінің елеулі бөлігін құрайтыны да шындық. Ендеше, ұлттық тілімізге қатысты осындай өрескел кемшіліктерді түзетпей қарап отырамыз ба?!

Біздің ойымызша, ұлттық цифрлық сөздік қоры да бұрынғы сөздіктерде жоқ сөздерді ойлап тауып, қате сөздерді түзете алмайды. Электрон нұсқалы жүздеген кітаби сөздіктерге кірген сөздерді ғана сарапқа салып, дұрысын таңдайды. Егер ондай болған жағдайда біз атаған 15 томдық түсіндірме сөздік пен «Қазақ сөздігіндегі» жоқ сөздер кірмей қалады, күлкілі, теріс түсініктемелер түзелмейді. Оны түзету керек.

Бодаухан ТОҚАНҰЛЫ,
журналист

2025 жылғы 2 қазанда өткен Digital Bridge халықаралық форумында Мемлекет басшысы жасанды интеллектіні пайдалану және цифрлық трансформация жағдайында құқықтық базаны одан әрі қалыптастыру қажеттігін атап өтті.

ЖИ-ді ҚЫЛМЫСҚА ПАЙДАЛАНУҒА ЖОЛ БЕРМЕЙІК

Қазақстан цифрлық ортада адам құқықтарын қорғау бағытында маңызды қадамдар жасады. Азаматтық кодекстің нормаларымен қатар, қабылданған Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» Заң тұлғаның цифрлық бірегейлік құқығын және жасанды интеллектіні қауіпсіз әрі ашық пайдалануға қойылатын талаптарды бекітті.

Ендігі міндет – осы нормалардың сапалы құқық қолдану тәжірибесін қамтамасыз ету. Сонымен қатар цифрлық әлем қарқынды дамып келеді. Бүгінде жасанды интеллектінің заманауи технологиялары адамның бұрын-соңды айтпаған сөздерін сөйлетіп, жасамаған әрекеттерін жасатып, ешқашан болмаған жерде жүргендей етіп көрсететін фото, бейне және аудиоматериалдар жасауға мүмкіндік береді. Бұл үшін жоғары кәсіби дағдылар мен арнайы құралдардың болуы міндетті емес. Ашық қолжетімді фотосурет немесе дауыс жазбасы жеткілікті.

Мәселенің тағы бір қыры – жасанды интеллектіні қылмыстық мақсатта пайдалану. Әңгіме дипфейктер туралы болып отыр. Осындай бейнероликтердің бірі жуырда 240 мыңнан астам қаралым жинаған. Адамның рұқсатынсыз интимдік сипаттағы бейнелер мен бейнежазбаларды жасау ерекше қауіп төндіреді. Тіпті толығымен жасанды материалдың өзі адамның беделіне нақты зиян келтіруі мүмкін. Бұл ретте әйелдер мен кәмелетке толмағандар аса осал топқа жатады. Бүгінде осы құқықтық кепілдіктерді іс жүзінде іске асыру айрықша маңызға ие. Өзінің бейнесі немесе дауысы заңсыз пайдаланылған азамат қайда жүгіну керектігін, заңсыз материалды қалай жоюға болатынын және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке қалай тартуға болатынын нақты білуі тиіс. Бұл ретте уақытылы әрі тиімді шаралар қабылдау ерекше маңызды. Цифрлық ортада ақпараттың таралу жылдамдығы дәстүрлі ақпарат тарату арналарымен салыстырғанда мыңдаған есе жоғары. Сонымен бірге жеке тұлғаны қорғау мен сөз бостандығы, журналистік, ғылыми және көркемдік қызмет арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдікті сақтау маңызды.

Алайда адамның жария мәртебесі оның атынан жалған мәлімдемелер мен әрекеттерді шынайы оқиға ретінде таратуға негіз болмауы тиіс. Осыған байланысты мыналарды сұраймыз: Бірінші. Адамның бейнесін, дауысын және цифрлық келбетін заңсыз пайдалану жағдайларын қарау кезінде қолданыстағы заңнаманы бірізді қолдануды қамтамасыз етуді; Екінші. Құқыққа қайшы синтетикалық контентті жедел анықтау және оның таралуын тоқтату мақсатында мемлекеттік органдардың онлайнплатформалармен, оның ішінде шетелдік платформалармен өзара іс-қимылын күшейтуді; Үшінші. Цифрлық сараптама әдістерін дамыту, заңсыз материалдарды жасаушы және таратушы тұлғаларды анықтау, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қоса алғанда, ЖИ технологияларын пайдалана отырып жасалатын құқық бұзушылықтарды анықтау және тергеу тиімділігін арттыруды; Төртінші. Құқық қолдану практикасына келіп түскен өтініштердің саны мен мазмұнын бағалай отырып, талдау жүргізуді сұраймыз. Оның нәтижелері бойынша анықталған проблемаларды жоюға бағытталған,

Гүлісхан НАХБАЕВА,
Құрылтай депутаты

ХАМЗИНІҢ МЕРЕЙТОЙЫНА ҚАМДАНАЙЫҚ

Жақында әлеуметтік желіні шарлап отырып, журналист, жазушы Гүлжан Амангелдіқызы Facebook-ке салған бейнежазбаға назарым ауып, тыңдадым. Қаламгердің ұлы Нұрсұлтан «Қоңыр» күйін шертіп отырған бұл бейнежазбада «Мағауия Хамзиннің нұсқасы» деген анықтама бар екен. «Бұл қандай нұсқа?» деп ғаламтордан іздемеймін бе, содан «Алтын қор» порталындағы бейнежазба алдымнан шыға келді. Мағауия Хамзиннің аталмыш күйді шерткенін көріп, айызым қанып, күйшіге қатты риза болдым.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Анығын айтқанда, Әбікен Хасеновтің шығармашылығындағы жалғыз авторлық туындысы «Қоңыр» күйін талай күйшінің орындауында тыңдадым. Бірақ ешқайсысы Мағауия Хамзин бұл күйді шерткендей әсерге бөлемеді. Мағауия ақсақалдікі нағыз классика екен.

Мен өзі белгілі бір тұлғаға қатысты кейде айтылатын «Ұлы» деген сөзді қолдана қоймаймын. Оның себебі, кейбір адамды «Ұлы» деп атап, артық кетіп жататын тұстарымыз көп. Мұны жөн-жосығымен айту керек деп есептеймін. Ал Мағауия Хамзин – ұлы күйші дегім келіп отыр. Бұған көбісі келіседі деп ойлаймын.

Этнографтардың этнографы, күй білгірі Ақселеу Сейдімбектің «Шынның жүзі» хабарында Қасым Аманжолға берген сұхбатының бір жерінде: «Біздің ауылдың ең нашар күйшісі Мағауия Хамзин болатын. «Осы бала домбыраны мандолин қып жіберді» деп шалдарымыз менсінбей отыратын» деп айтқаны бар. Сонда «Ең нашары Мағауия болса, қалғандары қандай еді?» деген заңды сұрақ туады.

